

АБАЙ ТОЙЫ – ЕЛДІКТІҢ ҰЛЫ БЕЛЕСІ

Биыл – ұлтымыздың рухани ұстазы, дала данышпаны, қазақ ойының шамшырағы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл. Бұл – елдік сана мен ұлттық рухтың еңсесін тіктейтін ұлы дата. Дана Абайдың асқақ рухы, мол мұрасы ғасырлар өтсе де, өзектілігін жоймақ емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мерейлі жылға айрықша мән беріп, «Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойын лайықты атап өтуіміз керек» деп атап өтті.

Абай – қазақты жаңа ой кеңістігіне жетелеген тарихи тұлға. Оның идеясы – тек әдеби, рухани мұра ғана емес, ұлттың даму жолындағы бағдаршам, іргетас. Абайдың «толық адам» ілімі, «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» ұштағаны – ұлттық тәрбиенің, сапалы азамат қалыптастырудың алтын арқауы. Данышпанның өнегелі жолы – ұрпақ санасына сіңуі тиіс құндылық. Ол – өз халқының рухани тұтастығын ойлаған, адамзаттық ойға қол созған ойшыл. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның сөзімен айтқанда, Абай – «тағдырдың өзі сыйлаған сом алтын». Бүгінгі Қазақстанда Абайдың идеялары ұлттық идеологияның өзегіне айналып отыр.

Абайдың 180 жылдық мерейтойы аясында республика бойынша ауқымды жұмыстар қолға алынды. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Абайға құрмет» акциясы бойынша әр өңір Абай облысына бір нысаннан тарту етуде. Бұл – тек құрылыстар емес, елге берілер нақты пайдасы бар жобалар. Семей қаласының төрінде этноауыл құрылып, онда ұлттық дәстүрлер мен салт-ғұрыптар көрініс табуда. Киіз үйлер тігілген, ұлттық тағамдар ұсынылып, қазақ күресі мен садақ ату, тоғызқұмалақ, дойбы, асық ату секілді спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды. Ұлттық ойын – ұлт айнасы екенін дәлелдеген бұл той 10 күн бойы ел есінде қалары сөзсіз.

Ұлы ақынның шығармаларын, оның ішкі дүниесін, философиясын насихаттайтын «Абай академиясы» интернет-платформасы іске қосылды. Онда Абайтануға қатысты барлық ғылыми еңбек, мұрағат деректері, зерттеу мақалалары жинақталмақ. Бұл – зерттеушілер мен жастар үшін бірегей ресурс. Абайдың 180 жылдығына арналған «Абай QUIZ» республикалық зияткерлік ойыны ерекше назар аударды. 10 өңірден келген 180 команда қатысқан интеллектуалды дода Қазақстан рекордтар кітабына енді. Бас жүлде – 1 миллион теңге. Бұл – жастар арасында Абай мұрасын кеңінен таратуға арналған тың әрі заманауи тәсіл.

Мерейтой аясында Абай атындағы театрда Қазақстанның халық әртісі Майра Ильясованың шығармашылық көші өтті. Сонымен қатар Аңсаған Мұстафаның «Көңілге түрлі ой салар...» атты көрмесі Арбат алаңында ашылды. Кино, музыка, әдебиет саласының өкілдері Абайға арналған жаңа туындыларын көпшілікке



тарту етуде. Бұл – хакім мұрасының тек өткеннің еншісі емес, бүгін мен болашаққа да үлгі екенін айқындайды.

Мерейтой қарсаңында Абайдың туған топырағы – Абай облысында көптеген жаңа инфрақұрылымдық жобалар іске асты. Ауылдар жаңарып, мектептер мен мәдениет үйлері жөнделді. Бұл – ұлы мұра иесіне деген ел құрметінің нақты көрінісі. Қарауылдағы Абай мектеп-интернатының базасында жаңа Абай орталығы ашылды. Мұнда мектеп оқушыларына арналған түрлі үйірмелер, ғылыми жобалар байқауы, эссе және жыр мүшәйралары өтуде.

Семей қаласындағы Абай атындағы кітапхана базасында ұйымдастырылған «Абай әлемі» атты кітап көрмесіне 1800-ден астам туынды қойылды. Бұл – Абай

шығармаларының әлем тілдеріндегі аудармалары мен Абайтану бағытындағы еңбектерден тұратын теңдесіз қазына. Көрме барысында оқырманмен ашық пікір алмасу, әдеби кештер, поэтикалық сағаттар өткізілді.

Ұлы ойшылдың бейнесі мен сөзі мектеп бағдарламасында да ерекше орынға ие. Соңғы жылдары білім беру жүйесінде Абайтану пәні енгізіліп, орта

және жоғары оқу орындарында арнайы курстар оқытылуда. Абайдың өмірі мен мұрасы туралы бейнематериалдар мен деректі фильмдер жасалды. Мектеп оқушылары арасында «Абай оқулары», «Абай әлемі» атты жобалар аясында өлеңді жатқа айту, қара сөз талдау, көркем оқу байқаулары өткізіліп келеді.

Бүгінгі күні ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музейі қорығының құрамына Семейдегі Бас ғимарат-Абай музейі, «Алаш арыстары – М.Әуезов» музейі, Берілідегі М.Әуезовтің музей-үйі, Жидебайдағы Абайдың музей-үйі, 15 ескерткіш орын алған. Музей-қорығының директоры Ұлан

Сағадиевтің айтуынша данышпан ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттауда музей қорында - 22 350 жәдігер сақталса, оның ішінде негізгі қорда - 12 585, қосалқы қорда - 9 765 экспонат ел танымын байытуға септігін тигізіп келеді.


Қазіргі таңда Абайдың рухани мұрасы көрші елдерде де кең насихатталуда. Түркия, Өзбекстан, Ресей, Қытай, Иран, Германия елдерінде қазақтың бас ақынына арналған мәдени іс-шаралар, халықаралық конференциялар, онлайн көрмелер өткізілді. Бұл – Абайдың ұлығын әлем мойындауының нақты белгісі.

Шекара қызметінде де Абайдың рухы құрметтеліп, сарбаздар арасында ақынның шығармалары бойынша әдеби байқаулар, жатқа оқу жарыстары, эссе конкурстары ұйымдастырылды. Жас сарбаздарға «Абай және ерлік» атты патриоттық дәрістер оқылып, оның ұрпаққа қалдырған аманаты түсіндірілді. Бұл – шекара шебіндегі рухтың биіктігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Абайдың 180 жылдық мерейтойы – елдік идеяны нығайтатын, ұлттың рухын асқақтататын тарихи оқиға. Бұл той – тойдан бұрын тағылым. Абай арқылы біз өзімізді қайта танып, болашағымызға берік негіз қалаудамыз. Ұлт рухының шамшырағы болған Абайдың сөзі – шекарадай берік, ерлікпен тең.



Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Суреттер ғаламтор желісінен.




ЕЛ ҚОРҒАНЫНЫҢ МЫЗҒЫМАС БӨЛІМІ

2



«ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ШЫНАР РУХ»

3



МҰНДА БАҚЫЛАУ-ІЗ КЕСУ ЖОЛАҒЫ МІНСІЗ...

4

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ АСҚАҚ МІНДЕТ

Жетісу өлкесінің шығысындағы Алмалытау жоталарының етегінде, қырағы шекарашылардың күзетінде – «Алмалысу» шекара бөлімшесі орналасқан. Бұл бөлімше ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасына қарайды. Көрші елмен шекаралас ауданда орналасқан маңызды стратегиялық нысан болып табылады. Аумағында елді мекен жоқ, ең жақын ауыл – Басқұншы. Тарихы терең бөлімше 1963 жылы құрылған. 1965 жылы салынған ғимараты бүгінгі күнге дейін қызмет етуде.



Бөлімше жалпы ұзындығы бірнеше шақырым болатын мемлекеттік шекараны күзетеді. Бұл – тек шекара сызығы ғана емес, елдің егемендігі мен тыныштығының тірегі.

Қазіргі таңда «Алмалысу» шекара бөлімшесіне аға лейтенант Азамат Ташенов басшылық етеді. Ол Ақтау қаласындағы «Дарын» мектеп-интернатын бітіріп, ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдаған. Әскери қызметін «Іле» шекара бөлімшесінде бастады. Өткен жылдары Жетісу облысы бойынша үздік тәрбиеші атанған жас офицер бүгінгі таңда бөлімшені басқара отырып, жауынгерлерге үлгі бола білуде.

Бөлімше бастығының орынбасары – лейтенант Нұрасыл Нұржанов. Семей қаласының тумасы. Мектеп кезінен спортпен айналысып, түрлі жүлделерге ие болған. Ол да Шекара академиясының түлегі. Әскери қызметін осы бөлімшеде бастаған. Жас та болса, тәртіп пен талапты қатар ұстанатын, өз ісіне жауапты офицер ретінде таныла білді.

Бөлімшенің старшинасы – қатардағы жауынгер Диас Сағымбек. Бұған дейін «Қорғас», «Іле» шекара бөлімшелерінде түрлі лауазымда қызмет етіп, мол тәжірибе жинақтаған. 2023 жылы «Алмалысу» шекара бөлімшесінің старшинасы болып тағайындалды.

«Алмалысу» шекара бөлімшесінің жеке құрамы тек әскери міндетпен шектелмей, қоғамдық-мәдени іс-шараларға да белсене араласады. Басқұншы ауылындағы Крылов атындағы мектептің жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларына көмек көрсетті. Жеке құрамның бас-

тамасымен қаржылай қолдау жасалып, мектеп құралдары мен сөмкелер алынған.

Жергілікті тұрғындармен байланыс орнату, шекаралық тәртіпті түсіндіру жұмыстары да ұдайы жүргізіледі. Бұл жұмыстар ерікті жасақ командирі Ғаламат Тоқтасынның қатысуымен өтеді. Кездесу барысында ҚР «Мемлекеттік шекара туралы» заң талаптары, шекаралық аймақта болу ережелері кеңінен түсіндіріледі.

Өткен жылдың жаз айында Ойжайлау сайында шекаралық режимді бұзған азамат ұсталды. Ол ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің бап талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ, соңғы жылдары тіркелген шекара бұзушылардың бірі – көрші ел азаматы Найзашоқы сайында емдік шөп тамырын заңсыз қазып жүрген жерінен ұсталған.

«Алмалысу» шекара бөлімшесі – ел тыныштығы мен мемлекеттік шекараның мызғымас тұтастығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып келе жатқан әскери ұжым. Мұндағы әскери қызметшілер – тек шекара күзетушілері ғана емес, қоғаммен тығыз байланыс орнатып, патриоттық тәрбиенің үлгісін көрсетіп жүрген азаматтар. Осындай бөлімшелердің қажырлы қызметінің арқасында бейбіт өмірдің шекарасы берік күзетіліп келеді.



**ҚР Журналистер одағының мүшесі
подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».**
Сурет шекара бөлімшесінен.

ЕЛ ҚОРҒАНЫНЫҢ МЫЗҒЫМАС БӨЛІМІ

Мемлекеттік шекара картадағы белгіден гөрі еліміздің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің тірегі болып табылады. Осы абыройлы міндетті арқалап жүрген «Қобда» шекаралық бөлімінің тарихы мен қазіргі өмірі – шынайы отансүйгіштіктің айғағы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті «Қобда» бөлімінің негізі 2001 жылы қыркүйекте Қобда елді мекенінде қаланды. Аталмыш бөлім шекара бойындағы тәртіп пен қауіпсіздіктің берік тірегі, әскери тәртіп пен жоғары жауапкершіліктің үлгісін көрсетіп келе жатқанына 24 жылдай уақыт болды.

Бөлім шекарашылары Ресей Федерациясымен шектесетін Мемлекеттік шекара шебінің 276 шақырымын күзетеді. Әскери қызмет тек жауапкершілік пен тәртіпті ғана емес, сонымен қатар дене және рухани дайындықты талап етеді. Осыған орай, бөлімшедегі денсаулықты нығайту мақсатында спорттық шаралар үнемі жүргізіліп тұрады. Бұл әскери құрам арасындағы белсенділік пен бірлікті арттырудың нәтижелі тәсілі. Күнқағарлылардың қызметтегі жетістіктері де аз емес. Ақтөбе облысы департаментінің 2023 жылы бақылау-тексеру сабағы бойынша бөлім, бөлімшелер арасында 2-орын иеленсе, 2024 жылы рационализаторлық ұсыныстар бойынша 2-орынға табан тіреген.

«Шекара бөлімінде қызмет ету беделді офицерлер мен таңдаулы әскери қызметшілерге ғана тапсырылады. Мұнда қызмет етушілер әрқашан мақтаныш сезімімен жүреді», – дейді бөлім бастығының орынбасары капитан Әділет Шаріпханұлы Жұмашев.

Ол 1996 жылы 2 қыркүйекте Алматы облысы Сарқан ауданында туған. 2014-2018 жылдары ҚР ҰҚК Шекара академиясын бітіріп, 2018 жылдың тамызында ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментінің шекаралық бақылау бекетінде қызмет атқарды.

Шекарашылардың шалғай жерде жүріп елімізге өз үлестерін қосатын олардың отбасы екенінде ұмытпау керек. «Отан – отбасынан басталады» дегендей, сондай әрқашан қолдау беріп, білікті офицердің жанынан табылып жүрген жұбайы мен тәрбиелеп отырған 2 баласы бар.

Бөлім бастығы майор Алихан Әмірсерікұлы Тыныс: «Заманауи жауынгерлік қызмет оңай емес. Шекараны қорғау – біздің қызметкерлерге қойылатын аса маңызды талап. Осы қиын міндетті ар-намыс пен ерлікпен орындап, қоғамдық істерге белсене қатысатын жеке құрамыммен мақтанамын. Жоғары дайындық олардың шеберлігін арттырып, рухын көтереді», – деп бөліміне деген ризашылығын білдірді.

Ел тыныштығы мен мемлекеттік шекараның мызғымас беріктігі – әрбір шекарашының күнделікті қажырлы еңбегінің жемісі. Осындай жауапкершілігі жоғары, абыройлы қызметті адал атқарып жүрген шекарашылардың бірі – Ақтөбе облысындағы «Қобда» шекара бөлімінің батыл күнқағарлары. Олар тәуліктің әр сәтін ел қауіпсіздігіне арнап, шекараның әр қадамын қырағылықпен күзетеіп жүр.



Майор Алихан Әмірсерікұлы. 1989 жылы 3 қыркүйекте дүниеге келген. 2013 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, 2021 жылы ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Қобда» шекара бөлімі бастығының орынбасары болды. 2025 жылдан бері «Қобда» шекара бөлімінің бастығы қызметін атқарады.

Қызметі кезінде 16 шекара режимі бұзушысын, 45 мемлекеттік шекаралық режим бұзушысын, 4 мемлекет шекарасын заңсыз өткен тұлғаны қолға түсірген. Рационализаторлық ұсыныстары үшін ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаменті бастығының алғыс хаттарымен марапатталған. Отбасының тірегі бір ер баласын жолдасымен бірге есіріп отыр.

Сонымен қатар, мемлекеттік шекараны қорғауда шекарашылармен қатар көршілес елді мекендердің тұрғындары да ат салысады. Шекараға жақын ауылдардың тұрғындарынан құрылған еріктілер жасағы тапсырылған міндеттер мен жоспарлы шараларды орындауда белсенділік танытады. Мемлекеттік шекара режимін бұзушылардың әрекеттеріне қарсы тұру мақсатында ерікті жасақ мүшелеріне жоспарлы сабақтар жүргізіледі.

Сонымен қатар, бөлім әскери қызметшілері «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубымен бірлесіп тәрбиелік сабақтар өткізеді. Мерекелік күндер мен ерлік сағаттары сияқты іс-шараларға белсене қатысады. Шекаралық жоғары оқу орындарына талапкерлерді іріктеу жұмыстары да жүргізіледі. Бұл жетістіктер бөлім басшыларының ауыл тұрғындарымен үнемі өткізетін кеңестерінің нәтижесі. Бұл – болашақ шекарашыларды даярлаудың маңызды кезеңі. Жастардың әскери қызметке деген қызығушылығы өсіп, отансүйгіштік сезімдері тереңдей түсетіні анық.

Шекараның тыныштығы – елдің бейбітшілігін білдіреді. Оны қамтамасыз ететін «Қобда» бөлімінің келісімшарт бойынша әскери қызметшілері мен офицерлерінің еңбегі, кәсібилігі мен отансүйгіштігі – шынайы құрметке ие. Осы абыройлы міндетті атқарып жүрген шекарашыларымыздың табандылығы – тәуелсіз еліміздің берік қалқаны. Отанымыз Қазақстанның игілігі үшін шекараны қорғап, оның ережелерін бұзушыларды ұстауда өз міндеттерін адал атқаратын батырларымызға шексіз алғыс айтамыз.



**Аға лейтенант
Ж. ШАРПАНОВ,
«OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ЖҮРЕК ДҮРСІЛІ – «САРЫТӨБЕ»

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің қанатты қырағысы — «Сарытөбе» шекаралық бақылау бөлімшесі — Жамбыл жеріндегі ең ірі әрі қарбалас өткізу пункттерінің бірі болып саналады. Қазақстан мен Қырғыз Республикасын жалғап жатқан осы өткелде бір сәт тынбайтын қозғалыс бар: шалғай ауылдан қалаға бет алған жолаушы да, халықаралық жүк тасымалына шыққан ауыр көлік те, шекаралық сауда-саттыққа дем беріп жүрген шағын кәсіпкер де дәл осы жерде мемлекеттің тыныштығын күзетіп тұрған шекарашылардың қырағы назарына ілігеді.

«Сарытөбе» айналасы алыстан қарағанда мүлгіп жатқан даладай-ақ көрінгенімен, бөлімшенің ішкі кеңістігі тіршіліктің қызу ырғағына толы. Жүк дәлізіндегі ауыр техника гүрілі, паспорттық бақылаудың дауыс зорайтқышындағы анық әрі нық бұйрық, кинологиялық топтың сергек қызметтік иттерінің танауды жарып өтетін елең қылығы — бәрі бір арнаға тоғысып, шекаралық тәртіптің қалтқысыз сақталуына себеп. Әр сарбаз мұнда өз орнын бес саусағындай біледі: құжатты жылдам сканерлеп, қыл өтетін саңылау таппайтын инспекциялық-көліктік көшен жүктің әр миллиметрін тексереді, ал бейнебақылау жүйесінің қырағы көзі тәулік бойы сап тігулі күйде.

Бұл бөлімше — көпсалалы ведомстволық ынтымақтастықтың да өзіндік мектебі. Шекара қызметі мамандары кедендік органдар, ветеринарлық-санитарлық және фитосанитарлық бақылау инспекциялары, сондай-ақ



көші-қон қызметімен бірлесе жұмыс атқара отырып, ортақ мақсатты ұстанады: мемлекеттік шекара қауіпсіздігі мен ел экономикасының мүддесін бір арнаға тоғыстыру. Электрондық кезек жүйесі мен интеграцияланған деректер базасы жолаушы ағынын реттеп, құжат алмасу үдерісін жеделдетеді, соның арқасында халықаралық стандарттарға сай сервистік мәдениет орнығады.

Бөлімшенің шекарашылары кәсіби шеберлігінің дәнекері — үнемі жетілдіріліп отыратын әскери тәртіп пен

рухани тәрбие. Таңғы саптан басталатын күн тәртібі дене дайындығы мен зияткерлік машықты қатар қамтиды. Оқу атысындағы дәлдік, шет тілдерін меңгеру, заманауи IT-платформалармен жұмыс істеу, тіпті төтенше жағдай сценарийлеріне негізделген психологиялық тренинг — бәрі сарбаздың бойына табандылықпен сіңіріледі. Осы қатпарлы бағдарламаның арқауында шекара ұғымын тек географиялық сызық емес, ұлттың намысы деп қабылдаған сана жатыр.

«Сарытөбе» бөлімшесінің тағы бір ерекшелігі — заманауи цифрлық бақылау-өлшеу құралдарына сүйенген «жасыл дәліз» қағидаты. Алып жүк колонналары ішкі нарыққа шалғайдан жеткен көкөніс, жеміс-жидек немесе өндірістік шикізатты уақыт үнін аңдағандай жедел жеткізуді көздегенде, кедендік және шекаралық рәсімдеулер бір терезе форматына жинақталып, экономикалық айналымның іркіліссіз жүруіне жол ашады. Талапқа сай құжат тапсырған адал кәсіпкер бақылау бөлімшесінде ұзақ бөгеліп қалмайды, керісінше, күмәнді көлік пен күдікті тауар күпті қылған белгі берген сәтте-ақ қырағы қырандай қалт жібермей, жіті тексеріледі.

Бөлімше аумағында қызметкерлер үшін тұрмыстық жағдай да ойластырылған: заманауи казарма, спорт залы, медициналық пункт, шекарашының рухани һәм физикалық күш-қуатын арттыруға негізделген. Тәртіп пен тыныштық тоғысқан бұл шағын бақылау бөлімшесі шекарашыға екінші отбасыға айналған. Кезекшілік аяқталған соң сарбаздар жаттығу алаңында дене шымырлығын шыңдап, мәдени-рухани көштерде ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ортақ құндылық — Отанға деген адалдықты одан әрі бекемдей түседі.



Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».

Сурет шекара бөлімшесінен.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ШЫНАР РУХ

Алтай мен Атыраудың арасын алып жатқан ұлан-ғайыр қазақ жерінің әр қадамы — ел тарихының, халық тағдырының айғағы. Осы ұлы далада ат тұяғы тозып, найза ұшы мұқалған бабалар ерлігі біз үшін бүгін де ұлы парыздың жүгіндей. Қасиетті шекараны қорғау — ел болудың, тәуелсіздік туын тіктеудің басты шарты. Сол аманаттың жүгін арқаулап келе жатқан шекара бөлімшесінің бірі — Р.Батырханов атындағы шекара бөлімшесі.



Бұл бөлімше еліміздің шығысында, Қытай және Ресеймен шекара түйіскен стратегиялық маңызы зор аймақта орналасқан. Табиғаты тылсым, жолы ауыр,

биіктігі мен қаталдығы тән Алтай бөктеріндегі шекара шебі — нағыз ерлердің мекені. Шынды шатқалының қойнауында орналасқан бұл бөлімше теңіз

деңгейінен 3000 метр биіктікте жайғасқан. Мұндағы таулар мен сай-салалардың табиғаты ерекше — Оралхан Бөкей шығармаларынан көрініс тапқан көркем суреттер дәл осы жерді елестетеді. Қатон-Қарағайдың көз тартар көрінісі мен Алтайдың асқақ келбеті сарбаздарға рух береді.

Алайда бұл көркем табиғаттың ар жағында шекарашының ауыр әрі жауапты қызметі жатыр. 1931 жылы іргесі қаланып, алғашында «Чиндагатуй» (моңғол тілінен аударғанда — «қоянды сай») деп аталған застава 2000 жылдан бастап ерлікпен қаза тапқан кіші сержант Раджан Батырхановтың есімімен аталды. Осы сәттен бастап бөлімшенің тарихы жаңа парақтармен толыға бастады.

Бүгінде мұндағы шекарашылар күн сайын биік тауларды атпен кесіп өтіп, шекаралық аймақты қырағылықпен күзетуде. Табиғат жағдайының қаталдығы мен инфрақұрылымның жетіспеушілігіне қарамастан, жауынгерлер өз борыштарын мінсіз атқарып келеді. Бөлімше орналасқан аймақта жарық тартылмаған, ұялы телефон байланысы жоқтың қасы. Бар тіршілік дизель генераторларына тәуелді. Үш генератор күн сайын 230 литрге дейін сұйық отын тұтынады. Бұл — жолдың шалғайлығы мен қатынастың қиындығын ескерсек, үлкен мәселе. Соған қарамастан, сарбаздар «Отан — оттан да ыстық» деген

қағиданы жүрекке сіңіріп, темірдей тәртіппен, асқан жауапкершілікпен қызмет атқаруда.

Мемлекеттік шекара тәртібін бұзғандарды дер кезінде анықтап, заң аясында жауапқа тарту да бөлімшенің басты міндеттерінің бірі. Соңғы жылдары Қытай мен Ресей шекарасын заңсыз кесіп өткендер, шекаралық тәртіпті бұзған отандастар да осы бөлімше сарбаздарының қырағылығының арқасында құрықталған. Бұл — сарбаздардың кәсіби шеберлігі мен Отан алдындағы адалдығының жарқын дәлелі.

Жыл сайын бұл бөлімше түрлі байқаулар мен бағалау кезеңдерінде жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. 2016 жылдан бастап үздік қару-жарақ сақтау, жауынгерлік дайындық, әскери тәртіп, дене дайындығы және жедел-жауынгерлік қабілет сынды бағыттарда аймақтық және республикалық деңгейде бірінші орындарды иеленіп келеді. 2021 жылдан бері төрт жыл қатарынан «Ең үздік шекара бөлімшесі» атағын иеленуі — бөлімшенің беделін бекемдейтін айқын көрсеткіш.

Бүгінде бөлімшеде қызмет атқарып жүрген офицерлер — Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясының түлектері. Аға лейтенант Батырхожа Мейіржан Нәдірұлы басқарған ұжымда келісімшарт негізінде еңбек етуші әскери қызметкер-

лер мен мерзімді борышын өтеп жүрген сарбаздар өз міндетіне асқан жауапкершілікпен қарайды. Шекара бөлімшесі бастығының орынбасары аға лейтенант Сахен Нұралыұлы Абдрахымның айтуынша, сарбаздардың арасында келісімшарт бойынша болашақта шекара қызметінде қалуға ниеттілер аз емес. Бұл — шекарашы болуды тек міндет емес, өмірлік жол деп ұққан жас ұрпақтың батыл шешімі.

Міне, осылайша қазақ жерінің шығыс шебінде, көз көрмес биікте, жолы қиын, табиғаты қатал өңірде қызмет атқарып жатқан шекарашылар ел тыныштығының шебінде күн-түн демей қызмет етуде. Олар үшін бұл тек әскери қызмет емес — бұл елге, жерге деген адалдықтың, ерлік пен елдіктің белгісі.

Шекара — елдің шеті, жердің шегі. Ал сол шекараның тыныштығы — әр қазақтың амандығы. Ендеше, «Р.Батырханов» атындағы шекара бөлімшесі — тыныштықтың туын жықпай, тәуелсіздіктің шебін мызғытпай күзетіп тұрған шынар рухтың символы.



Подполковник Г. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

МҰНДА БАҚЫЛАУ-ІЗ КЕСУ ЖОЛАҒЫ МІНСІЗ...

ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша басқармасына қарасты «Сұңқар» шекара бөлімшесі өзінің қабырғасы қаланған күннен бері үлгілі ұжым саналады. Сосын да департаменттің ғана емес, Шекара қызметінің аясындағы шекара бөлімшелері бастықтарының жиыны секілді ауқымды шаралар аталған бөлімнің аумағында өткізіледі. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған офицерлерге шекара бұзушыны ұстаудың әдіс-тәсілдері көрсетіледі. Жалпы, «Шекара қызметінің заманауи үлгідегі шекара бөлімшесі қандай болуы керек?» деген сұрақтың толыққанды жауабын бүгінде капитан Жарас Әлімхан басқаратын бөлімшеден табуға болады.

Осы жерде сәл шегініс, шекара бөлімшесіне журналистің іссапармен келген бізді мұнда тәжірибеден өтіп жатқан «Көктем-2025» шақырылымының сарбаздары қарсы алған. Өздерінің сырт келбеттері мен қимыл-қозғалыстарынан, ел шебінің өміріне бой үйретіп, жаңа қызметтеріне білек сыбана кірісуге дайын екендерін байқатады... «Дұрыс екен», дедік те, солардың бірімен шекараға жол тарттық. Бөлімше бастығы бастаған біздің шекара нарядының құрамына сондай-ақ «Күз-2024» шақырылымының сарбазы мен келісімшарттың әскери қызметшілері де енген. Олар – 1-ші мобилді топ бастығы кіші сержант Шухрат Якупов, бөлімшенің кинологы, келісімшарт қызметінің қатардағы жауынгері Нұрсұлтан Тайлақбаев пен қос сарбаз, қатардағы жауынгерлер Ақпар Ибуллаев, Аллажар Саназий (жас шекарашының құлағымызға ерекше естілген аты мен тегі туралы біз міндетті

түрде бөлек қалам тербейтін боламыз-авт.).

Лайықты бағасын беру керек, біз келген аумақтағы бақылау-із кесу жолағы мінсіз. Бейне бір, танымал суретшінің қыл қаламынан шыққан дерсің. Мүлтіксіз тырмаланғаны сонша, екі елдің шекарасын бұзғысы келген әлдебір қаскөйдің аяқ ізі бадырайып көрінген болар еді... Тағы да жолақтың екі шетінен де қылтиып шыққан немесе қалып қойған арамшөпті көрмек түгілі, ырымға таппадық. Бұл – ең алдымен бөлімше бастығының өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын офицер екенін білдіреді.

Сосын., бұл қаптал бізге тым ыстық болатын. Себебі, дәл осы жерде жадымызда мықтап сақталып қалған оқиғаны бастан кешірген едік. Өзі былай болып келетін: 2011 жылдың жазы болу керек. Әдеттегідей, Шекара қызметінің шекара бөлімшелері бастықтарының жиыны өтетін болып, соны газетке жазу үшін редакцияның операторы екеуіміз Алматыдан ат арылтып жеткенбіз. Содан жиынның жоспарына сай, осы қапталда офицерлерге шекара бұзушыны ұстаудың әдіс-тәсілдері көрсетілетін болып, мен фотоаппаратымды, оператор бейнекамерасын ұстап, өзімізге «жайлы» жерді іздеуге кірістік. Әріптесім тапқан болуы керек, менен бірнеше жүз қадамдай жерге кетіп қалды. Ал мен.. жан-жағымды жақсылап барлап алдым да қолымда «қаруымды» қыса ұстаған күйі операторға қарай құстай ұшпасым бар емес пе? Әрине, сол сәт неге бұлай істедім, ол жағына ой жүгіртіп жатпаған менің «тосын» қылығымды біздің редакцияның мақтаулы операторы да қалт жібермеді. Сайын даланың төсімен ортекеше орғып-қарғып

«Сұңқар» шекара бөлімшесінің бастығы капитан Ж.Әлімханмен бірге шекараға аттанып кеттік. Бізді ел шебінің сол қанаты күтіп тұр. Бұл кезде шекара тыныштықтың құшағында жатыр еді...



келе жатқан мені түсіріп алыпты (бір қызығы, менің жас әріптесім түсірген сондағы бейнематериал кейіннен талай әжетке жарағаны бар). Шекара соқпақтарымен келе жатқан әскери журналистердің өмірінде де осындай қызықты оқиғалар жиі болып тұрады...

...Осылайша, көрші «Жазық» шекара бөлімшесімен түйіскен жерге дейін барып, шекара шебінің тыныштығына көз жеткіздік. Арасында шекара нарядының қыз-

метін суретке түсіріп алуды, уақыт тауып, офицерді сөзге тартуды ұмытқан жоқпыз. Капитан Жарас Әбілханұлынан білгеніміз, соңғы шекара бұзушыға қатысты оқиға 2012 жылдың маусымында, таң алдында өрбіпті. Шекарашылар ұстаған адам көрші елдің адамы болып шыққан. Бізге небәрі үш шақырымдай жердегі аспанастаны елінен қазақ жеріне өтуді көздеген кезде құрықталса керек.

Міне, осылай. Шекара қыз-

метінің үлгі ететін шекара бөлімшесінің тыныс-тіршілігі осылай. Сосын да бүгінде ұжым үздіктердің қатарында келеді. Санаулы минуттардан соң біз сұңқарлықтармен қоштасып, «Қалжат» шекара бөлімшесіне бет алдық. Сеніңіз, мұнда да біз қалам тартар дүниелер баршылық!

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.

ПОГРАНИЧНЫЙ КОНТРОЛЬ

НА СТЫКЕ РЕЛЬСОВ И РУБЕЖЕЙ



Где-то среди северных полей Костанайской области, на железнодорожной станции «Пресногорьковская», тихо и незаметно работает одна из точек, где начинается государственная граница. Здесь, в селе Троебратное Узункольского района, уже более двух десятилетий действует отделение пограничного контроля «Пресногорьковка» (железнодорожное) – участок, незаметный для широкой публики, но стратегически важный для страны.

История его создания началась в начале 2000-х, когда по решению Правительства РК пункт пропуска «Пресногорьковка» был официально включен в перечень функционирующих пограничных переходов. Это железнодорожный грузовой пункт с круглосуточным режимом работы, через который ежедневно проходят вагоны с товарами, техникой и грузами, требующими пристального внимания.

Визуально пункт – это обычная станция с дюжиной железнодорожных путей, несколькими административными зданиями и тишиной, нарушаемой лишь гудками проходящих составов. Но за этим спокойствием – ежедневная работа по обеспечению безопасности. Именно здесь идет скрупулезная проверка документов, груза, транспорта. Здесь принимаются решения, от которых зависит, попадет ли нечто опасное на территорию страны.

В отделении несут службу военнослужащие – сплоченная команда, каждый из которых универсальный солдат. Помимо основной работы, пограничники активно занимаются военно-патриотическим воспитанием молодежи: организуют открытые мероприятия «Жас шекарашы», сотрудничают с местными школами, показывают детям, что граница – это не абстракция, а живая работа.

– Мы хотим, чтобы подрастающее поколение понимало, что Родина начинается с границы. И каждый из них – будущий защитник, кем бы он ни стал, – делится майор Едрисов.

Особое внимание заслуживает кинологическая служба. В отделе есть две собаки – Тотем и Фреда. Первая – специалист по поиску взрывчатки, вторая – по обнаружению наркотиков. Чуткий нюх, выдержка и выучка этих «четвероногих» пограничников не раз доказывали свою эффективность.

Случаи нарушения режима бывают редко, но служба готова ко всему. Так, однажды гражданин Казахстана попытался без разрешения проникнуть на состав, направляющийся в Костанай. Попытка была пресечена, нарушитель задержан быстро и четко, без лишнего шума. Так здесь привыкли работать.

За годы службы отделение неоднократно отмечалось в командных соревнованиях и служебных рейтингах. Особенно запомнился 2021 год, когда «Пресногорьковка» заняло первое место по воинской дисциплине среди всех подразделений области. Это признание стало отражением того, как здесь ценят порядок, выучку и настоящую службу.

**Старший лейтенант
Н. САКЕН, «OS-ЧР».**
Фото автора.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Шөлдала» шекара бөлімшесі – мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып келе жатқан бөлімшелердің бірі. Бұл бөлімше ел мен елдің арасын жалғап тұрған жауапты аймақта орналасқан. Шекара шебінде тыныштықты күзету – екіншісі бірінің қолынан келе бермейтін абыройлы да жауапты міндет. Осы орайда «Шөлдала» шекара бөлімшесінің сарбаздары бұл міндетті асқан табандылықпен, айрықша қырағылықпен атқарып келеді.

Бөлімше орналасқан Шөлдала ауылы – табиғаты қатаң, ауа райы құбылмалы, дала желі еркін есіп тұратын өңір. Мұнда шекара қызметі үздіксіз ауысыммен ұйымдастырылып, әскери тәртіп пен жауапкершілік айрықша маңызға ие. Әрбір сарбаз бекітілген міндетті қалтқысыз орындап, ел тыныштығы жолында 24 сағат бойы қызметте болады.

Шекара бөлімшесі дәстүрлі күзет жүйесімен қатар, заманауи технологиялық құралдармен де жарақталған. Қызметтік аумақта бейнебақылау камералары толық орнатылған. Бұл техникалық артықшылықтар кез келген заңсыз әрекетті уақтылы анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бөлімшеге кірер алдында көлік құралдарының қозғалысы қатаң тексеріліп, қызметтік иттер де белсенді жұмыс істейді. Бөлімшенің ішке кіру режимі мұқият тексеріледі.

Бөлімше бастығы – аға лейтенант Ералхан Асхат. Өз ісіне шынайы берілген, батыл да әділетті басшы бөлімшеге келген күннен бастап ұжымда темірдей тәртіп пен әділ басқару жүйесін қалыптастыра білді. Жас офицер сарбаздарға тәлімгерлік танытып, әрбір әскери қызметшінің ішкі дайындығына, тәртібіне, кәсіби машығына үнемі көңіл бөліп келеді. Оның басшылығымен



бөлімше қызметкерлері бірнеше рет марапаттарға ие болып, қызмет нәтижелерімен көзге түскен.

Аға лейтенант Асхат Ералхан – тек шекарашы ғана емес, сонымен қатар өз отанына адал қызмет етуді жүрегімен сезінетін азамат. Оның бойындағы тәртіп, табандылық пен жауапкершілік қасиеттері

сарбаздар арасында үлкен құрметке ие. Бөлімше ұжымы жас командирдің жетекшілігімен алдағы уақытта да биік белестерді бағындырарына сенім мол.

«Шөлдала» шекара бөлімшесі – ел шебіндегі тыныштық пен қауіпсіздіктің тірегі. Мұндағы әрбір сарбаздың қызметі – тәуелсіздік пен тұтастықты сақтау жолындағы

мызғымас берік қорған. Олар шекараны күзетіп қана қоймай, отансүйгіштік, ерлік, адалдық ұғымдарын өз жүректерімен ұғынып, әр күнгі қызметіне соны серік етеді.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Суреттер бөлімше қорынан.

ОҢТҮСТІК ШЕКАРАДАҒЫ СЕНІМДІ ҚАЛҚАН

Қазақстанның оңтүстігінде, Түркістан облысының жүрегінде орналасқан «Сарыағаш» (теміржол) шекаралық бақылау бөлімі – еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды шекаралық нысан. Бұл бекеттің жұмысы тәртіп пен отансүйгіштіктің үлгісі ретінде күн сайын шекара тыныштығын күзетіп жүрген шекарашылардың жанқиярлық қызметін көрсетеді.



1999 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің 2020 әскери бөлімі, «Оңтүстік» шекаралық тобының негізінде құрылған бұл пункт Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекеттік шекарадан азаматтар мен көлік құралдарының өтуін екіжақты үкіметаралық келісім аясында реттейді. Мемлекеттік шекара сызығынан 4,5 км қашықтықта орналасқан пунктте 10 жолақты қозғалыс желісі, құжаттарды тереңдетіп тексеру орны, инспекциялық тексеру көшені, рентген құрылғылары, бейнебақылау және жарылғыш заттарды анықтау жүйесі жұмыс істейді.

2025 жылдың қызметтік нәтижелері – бұл бөлімнің тиімділігінің айқын дәлелі. Жыл бойы 218-ге жуық жедел іс-шара атқарылып, көші-қон заңнамасын бұзу, есірткі тасымалдау әрекеті, контрабанда фактісі, қолдан



құжат жасау, тыйым салынған діни әдебиет алып өтпек болу жағдайы анықталған. Сондай-ақ, 18-ге жуық шекаралық бақылау тәртібін бұзу тіркелген. 2024 жылдың қорытындысы бойынша «Сарыағаш» (теміржол) шекаралық бақылау бөлімі Сарыағаш ауданындағы барлық өткізу пункттері арасында бірінші орынды иеленді. Ал қатардағы жауынгер Н. Алибаев қызметтік иті «Теферамен» бірге Түркістан облысы бойынша үздік нұсқаушы аталымында 2-орынға ие болды.

«Сарыағаш» (теміржол) шекаралық бақылау бөлімі жастармен де тұрақты жұмыс атқарады: мектеп оқушыларымен, шекара академиясына үміткерлермен, сондай-ақ келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырылушылармен кездесулер ұйымдастырып, Отанға деген сүйіспеншілікті дәріптейді.

«Сарыағаш» (теміржол) шекаралық бақылау бөлімі – бұл жай ғана өткізу бекеті емес, бұл – мемлекеттің тәртібі мен абыройының айнасы.

Майор Р. АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР». Суреттер шекаралық бақылау бөлімінен.

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫҢ СЕНІМДІ САҚШЫСЫ

Мемлекеттің қауіпсіздігі — ел тәуелсіздігінің басты тіректерінің бірі. Бұл жолда қырағылық пен адалдықты ту еткен шекара қызметкерлерінің рөлі айрықша. Солардың бірі — Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасында қызмет атқаратын ефрейтор Оразалиев Бақдәулет Шадиярұлы.

2000 жылдың 30 мамырында Сарыағаш қаласында дүниеге келген Бақдәулет 2018 жылы М. Мақатаев атындағы мектепті тәмамдап, сол жылы Отан алдындағы борышын өтеуге аттанды. Маңғыстау облысындағы 6656 әскери бөлімінде шыңдалған бозбала, 2020 жылы шекара қызметіне қабылданып, бүгінгі күнге дейін адал қызметімен көзге түсіп келеді.


Тұрмыста орнықты, отбасылы азамат. 2024 жылы шаңы-



рақ көтеріп, бүгінде бір ұлдың әкесі атанған Бақдәулет — үйінің тірегі, елінің қорғаны. Қызмет барысында өзін тек жақсы қырынан көрсете білген Бақдәулет — мінезі сабырлы, ұстамды, көпшіл азамат. Жауапкершілігі мол салмақты және тәртіпті қызметкер ретінде әріптестері арасында үлкен сыйға ие.

Шекарадағы қырағылығының бір айғағы — оптикалық-электронды «Qагаи-М» құрылғысының көмегімен шекара маңындағы Сырдария өзені жағасында ҚР ӘҚБК баптары бойынша азаматтардың шекара режимін бұзғанын анықтап, олардың заң алдында жауап беруіне ықпал еткен.

Оразалиев Бақдәулет — жас та болса, шекара қызметіне жан-тәнімен берілген, еліне адал қызмет етуді басты борышы деп білетін азамат. Мұндай ұлтжанды ұландар барда еліміздің шекарасы берік, болашағы нық болары сөзсіз.



**Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР». Сурет
шекара бөлімінен.**

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ӨНЕРПАЗ

Қазақ халқы ежелден жауынгерлік қызмет пен өнерді қатар ұстаған. Қайсарлығымен жауынгер бабаларымыз елін жаудан қорғап, ел рухын биік ұстаса, қазіргі ұрпағы бейбіт күннің шебінде — шекара күзетіп, рухты өнерді жалғастырып келеді. Осындай абзал азаматтың бірі — ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты Кәсіптік және техникалық даярлау бөлімінің нұсқаушысы, сержант Қуандық Тоқыров.



Қуандық 1985 жылы 23 тамызда Алакөл ауданының Ақтүбек ауылында дүниеге келген. Қазақы ауылдың қарапайым болмысын бойына сіңіріп өскен ол бала күнінен суретке ерекше құмар болатын. Қолына қалам алып, ақ қағаз бетіне табиғатты бейнелеп, айналасын бояу сырымен сөйлеткен жасөспірім 9-сыныпты тәмамдаған соң Талдықорған қаласындағы Кәсіптік-техникалық колледжге түсті. «Суретші-көркемдеуші» мамандығын игеріп шықты.

2004 жылы өнерлі жас Үшарал қаласындағы 2484 әскери бөлім клубына аға-суретші-фотограф болып жұмысқа қабылданды. Содан бастап Қуандық өнер мен әскери қызметті қатар алып жүрді. Әскери бөлімнің тыныс-тіршілігі мен жауынгерлердің өмірін таспаға түсірді. Суретке салу арқылы шекара өмірінің жаңа қырларын бейнелеп отырды.

2010 жылы Қуандық Бақытжанұлы әскери оркестр музыканты ретінде жаңа қырынан көрінді. Жаңа лауазым оның өнерге деген шексіз сүйіспеншілігінің тағы бір дәлелі еді. Ал жыл өткен кезде оркестрдің аға-нұсқаушысы ретінде тағайындалуы — еңбегінің өленгені болатын. Уақыт өте келе бөлім клубының бастығы, кейін кәсіптік-техникалық даярлау бөлімінің нұсқаушысы қызметіне көтерілді. Бірақ қызмет лауазымы қанша өзгерсе де, Қуандықтың бойындағы өнерге деген адалдығы, ұлт руханиятына деген сүйіспеншілігі өзгерген жоқ.

Сержант Қуандық Тоқыров — тек нұсқаушы ғана емес, шекара қызметінің көркемдік шебері. Шекара басқармасындағы барлық көрме тақталары, қабырға баспалары мен суреттер оның қолынан шыққан туындылар. Мерекелик іс-шараларда сахна безендіру, музыкалық сүйемелдеу сынды міндеттерді де өз мойнына алады. Әскери ұжымды үнемі шығармашылығымен шабыттандырып жүреді. Бұл — оның шекарашы ретінде ғана емес, нағыз мәдениет жанашыры ретіндегі келбеті.

Әскери шеру кезіндегі барабанмен сүйемелдеу, басқарма оркестрімен әскери Ант рәсімдеріне қатысып аспаптарда ойнау — Қуандық

үшін үйреншікті жұмыс. Мұндай міндеттерді жүктеме ретінде емес, рухани борыш ретінде қабылдайды. Шекара мұражайында тұрған үлкен «Басқарма макеті» де — оның алтын қолымен жасалған туынды. Бұл макет бөлім тарихының көркем көрінісі ретінде келешек ұрпаққа қызмет етуде.

Қуандық — өз бөлімінің 40 жылдық және 50 жылдық мерейтойлық медальдарының авторы. Медаль жасау — екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Ол үшін көркемдік таным, эстетикалық сезім, тарихи білім қажет. Қуандық бұл тұрғыда да өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленеді.

Өзінің алғашқы жұмыс жылдарын еске алған кезде:

— Алаңдағы ең үлкен стөндтерді өндірістік бояумен екі-ақ күнде салып шыққаным есімде. Суретті ешкімнің көшірмесінсіз, бірден салып шығу — нағыз шеберліктің белгісі, — дейді Қуандық мақтанышпен.

Қызметтегі табандылығы мен өнердегі таланты үшін ол Департамент басшылығы мен басқарма бастығының атынан көптеген мақтау қағаздарына ие. Сонымен қатар «10 жылдық мінсіз қызметі үшін», «Қалқан» медалімен және «Үздік шекарашы» II дәрежелі медалімен марапатталды.

Қуандық Тоқыров — шекара шебінде жүргенімен, ел руханиятына өзіндік үлес қосып жүрген ерекше тұлға. Ол — өнер мен жауынгерлік қызметі бір бойға дарыған, әр ісінен ұлттық рух сезілетін шекара сақшысы. Өнердің майталманы бола тұра, әскери тәртіп пен борышқа адалдығы оның азаматтық келбетін биіктетіп тұр.

Қуандықтың қолынан шыққан әрбір туынды — болашаққа жазылған өнер өсиеті, өрлікке пара-пар еңбек. Ол — шекара күзетінде жүріп те қазақ өнерін ұлықтап жүрген нағыз патриот.

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «ОС-ЧР».
Сурет жеке мұрағатынан.

ТОСҚАУЫЛ

ЗАҢСЫЗ АЛТЫН ӨНДІРГЕН

Ұсталған азаматтар құрамында бағалы металдары бар шикізат тау жыныстарын заңсыз тасымалдап келген. Олар тиісті рұқсат құжаттарынсыз Қазақстан аумағына өтіп, қазба жұмыстарын жүргізген. Бұл жұмыстарды «Жин Шин Мининг Лиабелити» ЖШС компаниясының атынан жүргізгені көрсетілгенімен, компанияның нақты заңды негізі мен келісімдері тексерілу үстінде.

Заңсыз әрекеттер барысында 3 дана жүк көлігі (40 тонналық), 2 дана экскаватор, 2 дана жүк тиегіш техника тәркіленді.

Іс материалдары ҚР ҚК 295-1-бабы мен ӘҚБ туралы Кодексінің 510-бабына сәйкес тіркеліп, тергеу амалдары басталды. Қазіргі уақытта аталған азаматтардан жауап алынып, шекара режимін бұзғаны үшін де әкімшілік шаралар қолданылуда.

Шекара қызметі аталған операция барысында аймақтың шекаралық қауіпсіздігін сақтау, табиғи ресурстардың заңсыз игерілуінің алдын алу және шетелдік азаматтардың шекаралық режимді бұзуының жолын кесу мақсатында жұмыстарды жалғастырып жатыр.

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ, «ОС-ЧР».
Сурет басқармадан.

2025 жылдың 10 шілдесінде «Шекара достығы-2025» біріккен арнайы шекаралық операциясы аясында ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаментінің Күршім ауданы бойынша шекара басқармасы 19 Қытай Халық Республикасы азаматын шекара маңындағы аумақта заңсыз әрекеттер (алтын қазу) үстінде ұстады.



ПОГРАНИЧНИК С КИСТЬЮ В РУКЕ

Государственная граница – это не просто линия на карте, это символ мужества, долга и любви к Родине. Одним из тех, кто ежедневно охраняет рубежи страны, является младший сержант Александр Барактенко, военнослужащий пограничного отделения «Орнек».



Александр Дмитриевич родился 1 декабря 1987 года в поселке Кенарал Федоровского района. Среднее образование получил в Кенаральской средней школе, где с ранних лет проявлял интерес к рисованию. Сначала – мультяшные наброски, затем – первые портреты. Он принимал участие в районных выставках, помогал оформлять школьные стенгазеты, вывески, создавал стенды и даже выполнял заказы на портреты в родном селе.

В 2007 году поступил в Костанайский лицей бытового сервиса по специальности «радио-телемеханик». Его художественные способности пригодились и здесь – в чертежах, оформлении схем, да и просто в свободное время он продолжал рисовать.

В 2009 году был призван в армию и проходил службу в Центральном спортивном клубе Министерства обороны РК в Алматы в составе спортивной роты. Здесь отвечал за музыкальное сопровождение спортивных

мероприятий, ремонтировал технику и обеспечивал телефонную связь. Свой блокнот и карандаш не выпускал из рук даже на службе.

С 2010 по 2015 год работал слесарем на горнодобывающем предприятии в Лисаковске. Именно там он воссоединился со своей школьной любовью, создал семью, завел друзей, которым нравилось его творчество. По рекомендации одного из них – действующего военнослужащего Пограничной службы – решил пойти на службу.

С 2016 года он охраняет рубежи Родины. В 2021 году прошел обучение в кинологическом центре в Алматы, где начал дрессировать служебную собаку по кличке «Сег». Там же о его таланте художника узнали – ему выделили отдельное помещение для творчества в библиотеке.

После учебы ему поручили выполнить две работы на тему кинологии и кавалерии. В одной из них он изобразил всадника, а на заднем плане – номер пограничного столба, соответствующий номеру его заставы. Также Александр своими руками изготовил макет местности, который сегодня размещен в пограничном отделении «Орнек». На его создание ушло 22 часа кропотливого труда.

В 2022 году Александр и «Сег» стали лучшей кинологической парой Костанайской области. За годы службы между ними сложилась крепкая связь – «Сег» стал для него не просто служебным посом, а настоящим партнером и членом семьи.

– Я обязательно заберу его домой после окончания службы. Вольер уже готов. Он заслуживает отдыха рядом с нами, – делится Александр.

Свободное время он посвящает семье, строительству, игре на гитаре и прогулкам с собакой. Любит порыбачить на речке, пройтись по лесным тропинкам – рядом с



верным другом и боевым товарищем. Это не просто военнослужащий, это человек с большим сердцем, художник по призванию и патриот по духу.



Старший лейтенант
Н. САКЕН, «ОС-ЧР».
Фото автора.

НА СТРАЖЕ ГРАНИЦЫ И СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Капитан первого ранга Куан Каирлетов – заместитель командира первого дивизиона береговой охраны – начальник отдела профессиональной и технической подготовки. Офицер отвечает за подготовку молодых солдат к службе в подразделениях границы, сторожевых корабля и катерах, их первоначальную адаптацию и обучение основам пограничного дела.

– Моя задача, подготовить новобранцев к службе, дать им знания необходимые для выполнения задач по охране и защите государственной границы. Также мы воспитываем молодых солдат патриотизму, прививаем чувство ответственности перед страной и нашими гражданами за безопасность государства, – рассказывает Куан.

Старший сержант Мария Каирлетова – контролер отделения пограничного контроля в морском пункте пропуска «Актау морской порт» пограничного управления по Каракиянскому району. В ее обязанности входит контроль за перемещением людей, грузов и транспортных средств через морскую границу Казахстана.

– Я люблю свою работу. Здесь нужно быть внимательной, собранной, уметь сдерживаться, понимать людей. Каждый день бывают разные ситуации – кто-то спешит, кто-то волнуется, у кого-то документы не в порядке. Надо не только по закону все делать, но и найти подход по-человечески, – делится Мария.

Судьба свела Куана и Марию в 2007 году. Хотя они служили в разных воинских частях – подразделения находились в одном административном здании. Именно там завязалось знакомство, переросшее в крепкую семью.

Стаж службы Кауна Каирлетова более 30 лет. Выпускник Высшего

пограничного училища Вооруженных сил РК награжден медалями «За безупречную службу» I, II и III степеней, медалью «Ветеран КНБ», а также рядом ведомственных наград и почетных грамот.

Мария служит более 20 лет. За годы службы она награждена медалями «За безупречную службу» I, II степеней, благодарственными грамотами начальника департамента, акима города и области.

У супругов трое детей. Старший сын Диас учится в Астане в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева по гранту, окончил военную кафедру и готовится к получению офицерского звания.

– Диас с детства видел нас в форме, знал, чем мы занимаемся. Сейчас сам стремится продолжить династию. Возможно, выберет Пограничную службу. Мы, конечно, не настаиваем, но гордимся, что он сам к этому тянется, – говорит Куан.

Дочь Анима и младший сын Айрат – школьники. Родители стараются воспитывать их в духе патриотизма и уважения к государству.

– У нас дети растут в военной атмосфере. Мы для них в первую очередь – мама и папа, но всегда в форме. Самый младший даже путается: узнаёт нас по форме, – с улыбкой рассказывает Мария. – Воспитываем детей в уважении к Родине, к флагу, к службе. Объясняем, что защищать страну – это важно и почетно.

Семье помогает мама Марии – Любовь Евгеньевна. Бабушка активно участвует в воспитании внуков, особенно когда оба родителя на службе.

Интерес к Пограничной службе у главы семьи появился еще в школьные годы.

– Это был 1987 год, я учился в третьем классе. К нам в школу

В этом году Пограничная служба КНБ отмечает 33-ю годовщину со дня основания. В преддверии этой знаменательной даты мы рассказываем о семье Каирлетовых – супругах, посвятивших свою жизнь службе Родине и воспитанию детей в духе патриотизма, ответственности и любви к Отечеству.

Сегодня супруги проходят службу в Департаменте Пограничной службы по Мангистауской области.



пришел офицер-пограничник, рассказывал о службе и границе. Его рассказ так меня вдохновил, что я с того момента твердо решил стать пограничником. В 1994 году поступил в училище, а в 1998 окончил – вспоминает капитан первого ранга.

Мария также осознанно пришла в Пограничную службу. С 2004 года она призвалась контролером в пункт пропуска.

– Еще с молодости мне хоте-

лось работать именно в пограничном контроле. Когда в Актау начали открываться новые подразделения, я сразу пошла на контракт. Работа, конечно, нелёгкая, но мне нравится, – говорит она.

Супруги Каирлетовы считают, что служба Родине стала для них делом всей жизни, которое объединяет не только их профессионально, но и по-настоящему сближает как семью.

История этой семьи – простой и искренний пример того, как можно совмещать службу и семейные ценности, оставаясь верными своему делу и друг другу.



Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР».
Фото автора.

ШЕКАРАДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ

Қазіргі заманның алуан түрлі дамуымен және үздіксіз қи-мыл-қозғалысымен сипатталатын әлемде өздерінің жұмыс-тары көбінесе көзге көрінбейтін, бірақ қызметтің маңызды буынын құрайтын адал еңбеккерлер бар. Осы құрметті қатар-да – шекарашылардың қызметтік бөлмелерінің тазалығына жауап беріп, жұмыс орнының жайлылығын қамтамасыз ететін, шаруашылық қамтамасыз ету тобының еңбекқор қызметкерлері де бар.



Осындай өз ісіне ынтасымен берілген, адалдық пен ізгілікті ұстаным еткен қызметкерлердің бірі – Елена Юрьевна Решетникова. Ол 1973 жылдың 22 ма-мырында Ақтөбе облысының Мәртөк ауданындағы Жайсан ауылында дүниеге келген. 1980–1990 жылдар аралығында орта білім алған соң, 1990–1992 жылдары Ресей Федерациясының Орынбор қаласындағы сауда колледжінде «Бақылаушы кассир» мамандығы бойынша кәсіби білімін тереңдетті.

Өмірлік жолын отбасылық бақытпен үндестіріп, 1994 жылы тұрмыс құрды. Қазір Елена Юрьевна үш баланы тәрбиелеп өсіріп, сонымен қатар үш сүйікті немересінің дүниеге келуіне куә болып, олардың өсуіне қол ұшын беріп жүр. Му-зыка тыңдауға деген сүйіспеншілігі мен кітап оқуға құмарлығымен танымал жүрегі мейірім мен жылылыққа толы ол, 2013 жылдан бастап осы күнге дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Жайсан» теміржолдық шекаралық-бақылау бөлімінде 12 жылдан астам уақыт бойы қажырлы қызмет етіп келеді.

Елена Решетникова үшін тазалық – бұл жай ғана сыртқы тәртіп емес, ол – адамдардың көңіл күйі мен жұмыс істеу қабілетіне тікелей әсер ететін, жайлылық пен рухани тепе-теңдіктің кепілі деп біледі. «Адамдар таза, жұмыс бөлмесінде қызмет атқарған кезде олардың көңілі көтеріңкі, таза ауамен дем алып, жұмысқа деген құлшынысы артады. Мен өз қолымнан келгенше осы жайлы ортаны сақтау-ға үлесімді қоса алатыным үшін өте қуаныштымын», – деп өз ойымен бөлісті.

Әр таңда жылы жүзімен, әрі жайдарлы күлкісімен шекарашыларды қуантатын Елена Юрьевна, әріптестеріне жақсы көңіл-күй сыйлап жүреді. Ол бөлімдегі әрбір адамды өз лауазымдарына лайықты құрметпен атайды, олардың аман-есендігі мен жағдайларын сұраудан шаршамайды. Осындай мейірімділік пен адамгершілік, жауапкершілік сезім – бөлімнің күнделікті өмірі мен мәдениетінің ажырамас бөлі-гіне айналған. Әріптестері оны тек еңбегінің адалдығы үшін ғана емес, сонымен бірге терең адамдық қасиеттері, ізгілігі үшін де жоғары құрметтейді.

Елена Юрьевна бөлім қабырғаларында көптеген тарихи сәттердің куәсі болды. Ол басшылардың ауысуын, жаңа жетістіктерге қол жеткізулерді, мерекелер мен мәртебелі жылдарды көрді. Әрбір маңызды күн, әрбір ұмытылмас оқиға оның жадында сақталған.

Бірінші күннен-ақ өз қызметіне аса зор жауапкершілікпен қарап, әрбір бұрыштың жарқырап, таза болуына көңіл бөліп келе жатқан Елена Юрьевна Решетникова – ұжым рухын биік ұстайтын, мейірімді қызметкер. Барлығы жақсы біледі, дәл осындай адал, берік, ізгі ниетті адамдардың арқасында ғана шекара қызметі әрқашан тазалық пен тәртіптің үлгісі мен беделін айқын көрсете алады. Оның төккен тері сөзсіз зор құрметке ие.

Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ҮЛГІ БОЛҒАН АРДАҚТЫ ЖАН

Қоғамның өркендеуі мен дамуы – тек саясат пен экономикаға емес, сонымен қатар адал еңбек етіп жүрген қарапайым, өз ісіне зор жауапкер-шілікпен қарайтын азаматтардың қажырлы қызметіне тікелей байланысты. Сол еңбегімен еленіп, адамгершілігімен ардақталған, әріптестеріне үлгі, өскелең ұрпаққа өнеге бола білген жандардың бірі – Ахметжанова Зинат Манарбекқызы.



Зинат Манарбекқызы 1977 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданына қарасты Тұғыл ауылында дүниеге келді. Жастайынан кең пейілді, еңбекқор, тәртіпті ортада тәрбиеленген ол туған өлкесінің бойына сіңірген мейірім мен жауапкершілікті өз өмірлік жолына серік етіп, әр ісіне адал-дықпен қарауды басты қағидасы етті. Қа-зақы болмысты сақтаған ауылдың тәрбиесі оған адамгершілік пен қарапайымдылықты, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бо-луды үйретті.

Білімге деген құштарлығы оны жоғары оқу орнына жетелеп, 2002 жылы Семей қа-ласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығына оқуға түсті. Бұл сала – нақты есеп пен жүйелі ойлауды талап ететін күрделі мамандықтардың бірі. Ол бұл ма-мандықты үлкен жауапкершілікпен меңгеріп, оқу орнында жинақтаған теориялық білімін кәсіби қызметте шеберлікпен іске асырып, өз ісінің білікті маманы атанды.

2004 жылдың 2 шілдесінде Зинат Манарбекқызы өз еңбек жолын 2017 әске-ри бөлімінде азық-түлік бастығының көмек-шісі ретінде бастады. Бұл қызмет жоғары сенімділік пен тәртіпті, мұқияттылық пен есепке жүйріктікті талап етеді. Ол бұл қыз-метте 16 жыл бойы адал еңбек етіп, қойма, жеткізілім, есеп-қисап сияқты маңызды салаларда мінсіз қызмет көрсетті. Әріптес-терінің сеніміне ие болып, басшылық тара-пынан да бірнеше рет алғыс пен марапатқа ие болды. Әр күндік жұмысын асқан жау-апкершілікпен атқарып, кез келген тапсыр-маға үлкен ұқыптылықпен қарады. Қызмет барысында жинаған тәжірибесі мен іскерлігі оның білікті маман ғана емес, сенімді тұлға ретінде танылуына себеп болды.

2020 жылдан бастап ол ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаменті инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің бухгалтері қызметіне ауысып, жаңа бағыттағы міндет-терді де асқан жауапкершілікпен атқара

бастады. Бұл сала да өз ерекшелігі мен күр-делілігімен ерекшеленеді. Дегенмен, Зинат Манарбекқызы өз кәсіби білімін жаңаша қолдана отырып, бөлім жұмысының сапалы жүруіне зор үлес қосып келеді. Көпшілікке үлгі боларлық еңбек жолы – оның жан-жақтылығын, кез келген салаға икемділігін, кәсіби өсуге деген талпынысын дәлелдейді.

Зинат ханымның өмірі тек қызметімен шектеліп қалмайды. Ол – отбасының ұй-ытқысы, жанұясына мейірім шуағын төгіп отырған аяулы жар, ардақты ана. Жұмыс пен отбасын тең ұстаған, ұл-қыз тәрбиесіне ерекше мән беретін, балаларын адалдыққа, еңбекқорлыққа баулыған парасатты ана. Ол тек ана ретінде емес, балаларының өмірлік ұстазы, бағыт-бағдар берушісі бола білген тұлға.

Күнделікті өмірде де Зинат Манарбекқызы кішіпейіл мінезімен, сыпайылығымен, адамгершілік қасиеттерімен көзге түседі. Ұжымдастар арасында үлкен құрметке ие, әріптестері оны кез келген жағдайда қол ұшын созуға дайын, ашық-жарқын, сенімді әріптес ретінде таниды. Ұжымдық іс-ша-раларға белсенді қатысып, жастарға үлгі боларлықтай тәлім-тәрбие беріп жүрген ардақты әріптес. Қарапайымдылығы мен іскерлігін ұштастыра білген оның бейнесі – бүгінгі заман әйелінің шынайы келбеті.

Ахметжанова Зинат Манарбекқызы – кәсібіне шын берілген, еңбекті абыроймен атқарып жүрген адал жан. Оның өмір жолы, мамандығына деген сүйіспеншілігі, ұжым ішіндегі беделі мен отбасы алдындағы жауапкершілігі – елге үлгі, ұрпаққа өнеге. Осындай жандар – еліміздің негізгі тірегі, ел дамуына елеулі үлес қосып жүрген тұлғалар. Зинат Манарбекқызының еңбекқорлығы мен адамгершілігі – бүгінгі және келер ұрпаққа мақтанышпен айтуға тұрарлық жарқын мысал.

Подполковник Г. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

ШЕКАРАДАҒЫ АБЫРОЙ БЕЛГІСІ

Шекараны күзету – бұл жай ғана қызмет емес, бұл Отан алдындағы адалдық пен ерлікке негізделген міндет. Сол қасиетті борышты мінсіз атқарған жауынгерлерді ерекше атап өту – шекара әскерлерінің қалыптасқан дәстүрлерінің бірі. Соның бірі – «Үздік шекарашы» төсбелгісімен марапаттау.

1957 жылдың 3 тамызы күні, Кеңес Одағы Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бұйрығымен «Үздік шекарашы» төсбелгісінің ресми ережесі бекітілді. Алайда бұл марапаттың тарихы бұдан да ертерек – 1949 жылы бастау алған. Бастапқыда төсбелгі Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі арқылы табысталған. Кейін бұл марапат Ішкі істер халық комиссариаты, одан кейін Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті құрылымдары арқылы жалғасын тапты. Төсбелгінің жалпы саны он тоғыз түрлі нұсқада жасалды. Жылдар өте келе шекара әскері әртүрлі ведомстволық құрылымдарға бағынуына байланысты төсбелгінің кейбір көрінісі өзгертіліп отырды. Дегенмен оның басты бейнесі – шекара бағаны мен қырағы шекарашының мүсіні – өзгеріссіз сақталып келді. «Үздік шекарашы» төсбелгісін алу – шекарашылар үшін үлкен мәртебе, абырой болатын. Бұл төсбелгі иелеріне болашақта «Еңбек



ардагері» медалін алуға құқық беретін артықшылықтардың бірі ретінде саналатын. Сонымен қатар, бұл марапат шекара училищелері мен әскери жоғары оқу орындарына түсу барысында қабылдау комиссиялары тарапынан ескерілетін маңызды көрсеткіш болды.

Төсбелгіні тапсыру рәсімі 1969 жылдың наурыз айына дейін ресми түрде жалғасын тапты. Одан кейін бұл марапаттың орнына басқа салалық белгілер енгізілді. Соған қарамастан, «Үздік шекарашы» төсбелгісі шекара әскерінің айбыны мен рухын бейнелейтін тарихи нышан ретінде бүгінгі күнге дейін ел жадында сақталып келеді.

Қазіргі шекарашылар үшін бұл төсбелгі – өткеннің ескерткіші ғана емес, рухани шабыттың қайнар көзі. Ол – шекараға деген шынайы құрметтің, шын берілгендіктің, ерліктің және жауапкершіліктің көрінісі.

Шекара қызметінің сан жылдық тарихында осы секілді айшықты беттер жетерлік. Жас ұрпақ үшін сол тарихты білу – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа дұрыс бағыт ұстанудың кепілі. Шекарашы атына лайық болу үшін, шекара рухын сезіну үшін, «Үздік шекарашы» төсбелгісінің тарихын білу – әрбір жауынгер үшін үлкен міндет.

Подполковник Ж. КЕМЕЛ, «OS-ЧР».
Сурет ғаламтор желісінен.

«ОФИЦЕР БАЛЫ – 2025»

ЖАҢА БЕЛЕСКЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Сымша тартылған сымбатты тұлғаларына әскери форма көз тартарлықтай жарасқан жас лейтенанттар жақында жолдамамен ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне келді. 20-ға жуық офицер. Олардың төртеуі – ҰҚК Шекара академиясын бітіргендер. Қалған шекарашы әріптестеріміз шоқтығы биік оқу ордасында қысқа мерзімді курстан өткендер мен шетелдік әскери жоғары білім ошақтарының түлектері.

Клубта өткен жиында жас офицерлерді департамент бастығы полковник А.Каюпов жаңа қызметке тағайындауларымен құттықтап, олар алдағы уақытта қызмет атқаратын бағыт пен шекара бөлімшелері туралы мағлұмат берді. Әрі қарай, лейтенанттарға департамент бастығының «Аманат хаты» табыс етілді. Мұнда:

«Құрметті жас лейтенант!

Бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Біз сол тарихты жүрегімізбен жазып жүрміз. Шекара – бұл тек сызық емес, бұл – халықтың тағдыры, елдің тыныштығы, ұрпақтың болашағы. Оны күзету – қасиетті борыш.

Есінде болсын, сенің әр қадамың – сенім мен намыстың өлшемі.

Қиын сәттер болады, шаршайсың, кейде жалғыз қалғандай сезінесің. Бірақ ұмытпа: сенің арқаңда қазақ елі тыныш ұйықтап жатыр, сенің сергектігің Отан шекарасын берік ұстап тұр.

Ертең сен бұл жолдан өткен соң, артыңа қарап, «Мен антымды адал атқардым» деп айта алсаң – өмірің босқа өтпегені.

Біз саған сенеміз! Тәуелсіз Қазақстанның халқы саған сенеді!» деген патриоттық рухтағы сөздер жазылған.



Иә, бұл – түсіне білгенге, жүрегі «шекара» деп соққан әрбір лейтенантқа – аға буын шекарашылар – шекара соқпағынан сүрінбей өткен сардардың білдірген сенімі, табыстаған аманаты...

Осылайша салтанатты рәсіммен басталған жиын дәрістермен жалғасты. Департаменттің әр бөлімі офицерлерге олардың алдағы қызметтеріне көмек беретін бағыт-бағдарлар мен ақыл-кеңестер берді. Сондай-ақ осы жолдардың авторы да департаментке қарасты шекара басқармалары мен ел шебіндегі бөлімшелерінің тарихтарына тоқталумен шектелген жоқ. Қызық мәліметтермен бөлісті.

... Ал жиынның соңғы күні «Қош келдің, жас лейтенант!» атты офицерлер балына ұласты. Шекара соқпағына енді түскелі тұрған офицерлердің қатарында ҰҚК Шекара қызметі «Алматы» шекаралық бақылау басқармасының қос лейтенанты да бар.

О, енді мұны көргенге көз керек... Департаменттің

бас тәрбиешісі полковник Серік Төлеуханов бастаған басқарманың офицерлері мен қарасайлық тәлімгерлердің күшімен ұйымдастырылған мерекелік шараның қызықты өтуіне ат салысқандар аз болған жоқ. Әсіресе, қаладағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясының талантты студенттері офицерлер балын күлкіден кенде еткен жоқ. Сондай-ақ, мың бұралған бишілер тобы да көрермендердің көзайымына айналып өді. Қарап тұрсақ, әскердің темірдей қатаң тәртібіне үйренген жас офицерлердің бойларында бұғып жатқан өнер де бар екен. Лейтенанттар жүргізушінің өзілін түсініп, «талабын» жоғары деңгейде орындады. Биледі. Айтпақшы, олардың арасынан бір офицер бидің «түбін» түсіргені сонша талай тойды көріп, таңғалудан қалған асабаның аузын аштырмасы бар ма?!

Жиналған қауым тағы бір тамаша оқиғаның куәсіне айналған. Бір жас лейтенант бүгінгі думанды пайдаланып, өзінің сүйген қызына сөз айтып, онысын алтын жүзікпен «пісенттеуді» шешіпті. Әрине, лейтенант Арнай Еріковтің ұсынысын сүйгені Жанерке Амандықпен бірге біз – офицерлер балына қатысушылар да қуана қолдадық...

Дегенмен бұл туралы біз бөлек қалам тербейтін боламыз. Ең бастысы, департаменттің қатарын толықтырып, шекара шебіне жол тартқалы тұрған жас лейтенанттардың балы ерекше өтіп қана қоймай, олардың бойына сенім мен рух сыйлағаны анық.

Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.



АНАЛЫҚ ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН ДЕМЕУ

«Аналар жүрегі» атты Республикалық қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облыстық филиалының төрайымы Гүлмира Жанысбаева және ҚР ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Қарақия аудандық шекара басқармасы жанындағы әйелдер кеңесінің өкілдері мерзімді әскери қызметін өткеріп жатқан әскери қызметшілермен кездесті.

Іс-сапар барысында делегация – «Қаражанбас» шекара бөлімін аралап, әскери қызметшілердің қызмет ету, тұру және бос уақыттарын өткізу жағдайларымен танысты. Сонымен қатар, ұжымдағы құқықбұзушылықтың алдын алу, әскери жарғы талаптарын сақтау және салауатты моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру мақсатында тәрбиелік-профилактикалық іс-шаралар өткізілді.

Қоғамдық ұйым өкілдері казарма, медициналық пункт, оқу сыныптары, асхана мен демалыс бөлмелерін аралап шықты. Ерекше көңіл жауынгерлердің тамақтану сапасына бөлінді — ас мәзірі мен азық-түлік сақтау жағдайы тексерілді. Сондай-ақ, сарбаздардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған мәдени және тәрбие бағытындағы нысандармен танысты.

— Біз үшін, Солдат аналары комитетінің өкілдері ретінде, ең бастысы — ұлдарымыздың әскери борышын лайықты жағдайда өтеуі. Олар барлық қажет-

ті жабдықтармен қамтамасыз етіліп, моральдық-психологиялық жағынан қолдау тапқаны бізге маңызды. Мұндай сапарлар командирлердің сарбаздарға деген қамқорлығын өз кезімізбен көруге мүмкіндік береді, — деді Гүлмира Жанысбаева.

Сапар аясында «Мерзімді әскери қызметтің мәні мен маңызы» тақырыбында ашық сұхбат ұйымдастырылып, онда жастарға Отан алдындағы борыш, тәртіп пен жауапкершілік жайлы айтылды.

Әйелдер кеңесінің мүшелері әскери ортада құқық бұзушылыққа жол бермеу, өзара қарым-қатынастағы жарғы талаптарын сақтау және жағымды ұжымдық ахуал қалыптастыру жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қарақия аудандық шекара басқармасының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі бөлім бастығы, подполковник Ермек Теңгебаев мұндай кездесулердің маңыздылығына тоқталды:

— Қоғамдық ұйымдардың,

әсіресе аналар комитеті мен әйелдер кеңесінің қолдауы жеке құрамның рухын көтеруде ерекше рөл атқарады. Мұндай кездесулер әскери қызметшілер мен командалық құрам арасында ашық диалог орнатуға, ата-аналарды толғандырған мәселелерді дер кезінде шешуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл жастардың әскери қызметке деген құрметін арттырады.

Жалпы, іссапар жұмыс сипатында өтті. Қоғам белсенділері мен әйелдер кеңесінің мүшелері шекарашылардың жағдайына оң баға беріп, олардың тәртіптілігі мен ұйымшылдығына, командирлердің сарбаздарға деген қамқорлығына жоғары ризашылықтарын білдірді.

Мұндай кездесулер — қоғам мен армия арасындағы байланысты нығайтып, әскери қызметшілерге лайықты жағдай жасауға бағытталған маңызды іс-шара.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР». Суретті түсірген қатардағы С. ҚОБЛАН.



АҚЖОЛТАЙ ЖАҢАЛЫҚ

SARBAZ+: ЖАҢА ДӘУІР САРБАЗЫ

Қорғаныс министрлігі жаңа форматтағы мерзімді әскери қызметтің «SARBAZ+» пилоттық жобасының іске қосылғаны туралы хабарлады. Бағдарлама әскери кадрларды даярлау сапасын арттыруға және заманауи технологияларды армияның күнделікті өміріне енгізуге бағытталған.

Жаңа форматтағы әскери қызмет алғаш рет Алматы облысындағы 78460 әскери бөлімінде пилоттық негізде жүзеге асуда. Бұл жоба — әскери өмірді заман талабына сай қайта қарап, жас сарбаздарды тек әскери салада емес, азаматтық өмірде де сұранысқа ие мамандықтармен қамтуды мақсат етеді.

Қазіргі таңда бұл бөлімде 150 сарбаз таңдалып алынып, тың тәсілдер арқылы оқытылуда. Ерекшелігі — әр сарбаздың білекке тағылатын арнайы смарт-браслеті бар. Ол арқылы сарбаздың жүрек соғысы, ұйқы режимі, физикалық белсенділігі сияқты маңызды көрсеткіштері бақыланып отырады. Бұл мәліметтер ортақ жүйеге түсіп, дәрігер мен командирдің назарында болады. Мұндай тәсіл — сарбаздың денсаулығын бақылауда ұстаудың тиімді жолы.



Жобаның тағы бір артықшылығы — кәсіби білім беру бағыты. Сарбаздарға IT, телекоммуникация, желілік технологиялар бойынша курстар жүргізіледі. Бұл сабақтарды «Қазақтелеком» және «Транстелеком» секілді алпауыт компа-

ниялармен бірлесе отырып өткізу жоспарланған. Сонымен қатар дрон басқару, радиотолқындармен жұмыс істеу секілді заманауи бағыттар да оқыту бағдарламасына енгізілді. Курс соңында сарбаздарға сертификаттар табысталады. Бұл құжат-

тар оларды болашақта сұранысқа сай маман ретінде жұмысқа орналастыруда үлкен көмек болмақ.

SARBAZ+ бағдарламасында тіл үйрену де басты назарда. Сарбаздар қазақ және ағылшын тілін меңгеріп қана қоймай, жеке тұлғалық дамуға арналған тренингтерге де қатысады. Әскери бөлімде эмоциялық релаксация бөлмелері, шахмат клубы, жаңа жаттығу залдары, электронды тир мен футбол алаңы да қарастырылған. Барлығы жас сарбаздың жан-жақты дамуына бағытталған.

Қызығы, бұл жобаға кез келген жас онлайн түрде өтініш бере алады. Арнайы комиссия іріктеп, нәтижесін хабарлайды. Бұл да жаңа буынның әскери қызметке деген көзқарасын өзгертіп, ынтасын арттыратын әдіс.

SARBAZ+ — бұл жай ғана пилоттық жоба емес, болашақ армияның келбетін айқындайтын нақты қадам. Егер бастама сәтті жүзеге асса, еліміздің өзге әскери бөлімдеріне де енгізілуі ықтимал. Бүгінгі сарбаз — тек бұйрыққа бағынатын жауынгер емес, ол — білімді, дені сау, жан-жақты дамыған азамат. Осындай жастар — еліміздің ертеңі.

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ, «OS-ЧР». Сурет редакция мұрағатынан.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөліндер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodina@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдос Киргизбаев
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайртай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садыкова
Қостанай - Нұрасыл Сакен
Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбат Айтәлі, Аян Қайыр, Диас Қуанышев, Нүкешов Айзат
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары: О.Жақсылықов, А.Киргизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы — 2417 дана.
«Имприм» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1

СЫР ЕЛІ – ӨНЕРДІҢ АЛТЫН БЕСІГІ



Сыр өңірі – ежелден ұлт руханияты мен мәдениетінің діңгегі болған қасиетті мекен. Бұл өлке тек тарихымен ғана емес, терең тамырлы мәдениетімен, сөз өнерімен, жыр мен күйдің киелі бесігі саналады. Ертеден бері Сыр топырағында дүниеге келген талай шайырлар мен жыраулар, күйші-сазгерлер, өнер саңлақтары қазақ мәдениетінің дамуына орасан үлес қосты.

Сыр елінің мәдениеті – көнеден келе жатқан жыраулық дәстүр мен терме өнерінің алтын ұясы. Бұл өңірде жыршылық мектеп ерекше дамыған. Қорқыт ата – тек Сыр елі ғана емес, күллі түркі дүниесінің рухани темірқазығы. Оның қобызбен төгілген күйлері ғасырлар бойы ұлттың рухын биіктетіп, мәңгілік сарынға айналды. Ал одан кейінгі дәуірде Тұрмағанбет Ізтілеуов сынды

жыр алыптары мен Нартай Бекежанов, Балқы Базар сынды ақын-жыраулар Сыр сазының биіктігін жалғады. Сыр өңірінің мәдениеті тек жыраулықпен шектеліп қалған жоқ. Бұл өлкеден шыққан көптеген суретшілер, әншілер, театр және кино актерлері бүгінде Қазақстан мәдениетінің ірі өкілдеріне айналды. Облыстағы Қызылорда қалалық драма театры, Қорқыт ата атын-

дағы облыстық филармониясы, түрлі ансамбльдер мен өнер ұжымдары өңірдің мәдени өмірін жандандырып отыр.

Сыр өңірі – қазақ өнерінің талай тарландары түлеп ұшқан қасиетті топырақ. Бұл өлкеден шыққан атақты өнерпаздардың есімдері бүгінде бүкіл елге мәлім. Атап айтатын болсақ, Қорқыт ата – түркі әлемінің рухани атасы, қобыз өнерінің негізін қалаушы. Оның күйлері мен аңыздары ғасырлар бойы ұлт санасында сақталып, мәңгілік сарынға айналған. Нартай Бекежанов – Сыр бойындағы суырыпсалма ақындық пен әншілік өнердің көрнекті өкілі. Домбырамен терме айтып, халықтың мұң-мұқтажын жырына арқау еткен тұлға. Тұрмағанбет

Ізтілеуов – төкпе жырдың шебері, шығыс поэзиясын қазақ тіліне аударған, терең білімді шайыр. Оның шығармалары мен аудармалары – ұлттық әдебиетке қосылған баға жетпес қазына. Балқы Базар – өткір тілді, шыншыл өлеңдерімен ел есінде қалған ақын. Оның жырлары елдің рухын көтеріп, ерлікке үндеген. Роза Бағланова – Сыр елінің мақтанышы, қазақтың бұлбұл әншісі. Оның әуезді үні мен орындаушылық шеберлігі тек Қазақстанда емес, шет елдерде де жоғары бағаланды. Кенжеғали Мыржықбаев, Күләш Байсейітова секілді сахна шеберлері мен өнер майталмандары да Сыр елінің мәдени мұрасын байытты.

Бүгінгі таңда Сыр елінің

жастары ұлттық өнер мен салт-дәстүрді насихаттауға белсене атсалысып жүр. Жастар арасында терме айту, күй шерту, айтыс өнері кеңінен дамып келеді. Бұл – ұлттың рухани іргесінің берік екенінің айғағы.

Қорытындылай келе, Сыр елінің мәдениеті мен өнері – тек өткеннің мұрасы емес, бүгінгі ұрпақ үшін үлкен мектеп, ертеңгі ұлт болмысының кепілі. Осы құндылықтарды сақтау мен дамыту – баршамыздың ортақ парызымыз.



**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР».
Суреттер
ғаламтор
желісінен.**

ПОЭЗИЯ

Ұлы Абаймен сырласу

Қамын ойлай ұлт пен елдің келешегін
қарайлап,
Өлең жаздың, мұңын жаздың, сөзін жаздың
абайлап,
Ғұмырыңның бар қызығын шүберекке
түйдің де,
Халық арын жырлап өту, дедіңіз-ау,
маған бақ.

Дедің-дағы, әр қазақтың көкірегін ашамын,
Ойлы сөздің зергерісің, сөзден мүсін
қашадың.
Өлең деген патшалыққа қу тірлікті
сыйғызып,
Шабыт деген тұлпарыңнан өлгенде
тек босадың.

Сіз жатқан қара жерден жырдың гүлі
бүр жарып,
Қазақ жері құлпырады әр көктемде
қызарып.
Жидебайға бұлт көшкіні дастан болып
төнелді,
Найзағайлар сәлем беріп, өлең-жаңбыр
құйылып.

Тұлпар болар құлыншақ та жақын
келер үйірге,
Жүрек жырлап елдің қамын, бұрып
тұрар бүйір де.
Самал желі ақын қылған біз сияқты пәндені,
Сізден қалған теңіз ойлар буырқанған
күйінде.

Білесіз бе, қазақ күліп бір қазаққа жүр әлі,
Екі жүздің өзге жаннан жоғарыда тұрағы.
Арлыларды құлатумен мәз болады
басқалар,
Биліктің сөзінен тек итақайлар бұғады.

У ішкізіп даналарға, намыссыздар
күліп жүр,
Билікқұмар кейбір жандар іштерінен
іріп жүр.

Терді бермей тоғышарлар шіренеді
қасқайып,
Шындық деген босағадан әрі аса алмай
ұлып жүр.


Маған өнді Сізден қалған ой кеміру –
үлесім,
Жырды жұтқан жүректің жайын жақсы
білесің.
Сөз ұқпайтын жамандарға қара сөзді
қару ғып,
Рухыңмен, көктен бәлкім бізге көзді
тігесің.

Шаршағанда әр сөзіңнен қуат алам
ғаламға,
Сізден қалған түйір ойдан жан бітеді
қаламға.
Өткен ғасыр ғұламасы өлмес өлең
өріп ең,
Сіздің жырмен таң атады дархан мынау
даламда.

Сіздің сөзді жазып алып жүрек, парақ,
тасқа да,
Өзге жұртқа қараймыз біз Сізді балап
асқарға.
Сіз айтқан сол надан жандар әлі де
бар, не шара?
Бұрмай қойды мойындарын ақылға
нәм басқаға...

Сізден қалған мұңды біз де жырға
қосқан боп жүрміз,
Ұлы Абайды әдебиеттің шамшырағы
деп жүрміз.
Сіздің әлем - біздер үшін ашылмаған
ғаламшар,
Тырнағыңның сынығына жарай алмай
біз жүрміз!

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».**



**ЖИ арқылы жасалған «Ұлы Абай» суреті.
Қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ.**